

## ТІЛ – МӘДЕНИЕТТІ ТАНЫТУШЫ ҚҰРАЛ

Ахметова Г.К.<sup>1</sup>, Байгожина Ж.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан  
[e-mail: gulya\\_290867@mail.ru](mailto:gulya_290867@mail.ru)

<sup>2</sup> педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан  
[e-mail: bzhm70@mail.ru](mailto:bzhm70@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада бүгінгі шет тілін оқыту әдістемесінде үйреніп отырған тілді сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен байланыстыра оқыту қажеттілігі қарастырылады. Шет тілін сабақ үрдісінде меңгеру барасында білім алушылар сол тілде еркін қарым-қатынас жасауға бейімделеді. Сондықтан шет тілі сабағы сол елдің мәдениетінің тәжірибелік көрінісінің негізі, мәдениеттердің шоғырласу орны деп қарастырылады. Тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын, мәдениеттің тілді меңгеруге әсерін айқындау мақсатында 10 сыныпқа арналған «Aspect for Kazakhstan» оқулығының бөлімдеріндегі мәдениет мәселесін қамту деңгейін талдау нәтижесі баяндалған.

Бұл мәселенің өзектілігі білім алушы меңгеріліп жатқан тілде елдің тарихы, салт-дәстүрі, мәдениетімен қатар үйренудің маңыздылығында жатыр. Халық тарихын, оның ұлттық мәдениетін, тіпті ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтай аламыз.

**Тірек сөздер:** тіл, мәдениетаралық қатысым, ұлттық ерекшелік, мәдени контекст, шет тілі сабағы, қарым-қатынас құралы.

Қазақстан өз алдына егемен, тәуелсіз мемлекет аталғаннан бері білім беру саласында да көптеген өзгерістер орын алды. Осы жаңалықтар оқу орындарының оқу бағдарламалары мен жоспарларының да өзгеруіне ықпал етті. Себебі бірнеше мәдениет тоғысында өмір сүріп жатқан қазақстандықтар үшін басты құндылық бұл - татулық, өзара сыйластық, қарым-қатынас. Сондықтан әрбір тілді үйренуші өзге елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшелікке тап болуы әбден ықтимал. Мәдениетаралық қарым-қатынас ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара байланысты түсіну болып табылады, яғни мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету – жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, өзге мәдениет өкілдерінің әрекеттері мен сөздерін түсіне білу. Ол үшін өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен өзгешеліктерді көре білуі тиіс. Осы арада екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол мәселе әрине тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке де байланысты болып келеді.

Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып,

сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті...тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» дейді [1,19 б. ]. Олай болса, мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс ретінде таныла алмайды. Себебі тіл адам баласына берілген рухани құндылық. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен пішіннің байланысы секілді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан да, тіл мен мәдениетті бір-бірімен бөліп қарауға болмайтын құбылыс деуімізге болады.

А. Салқынбай: «Әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарын бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Тіл–тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымы мен сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылым. Тіл ұлттық мәдениеттің құрамды бөлігінің бірі болып қана қоймайды, бүкіл мәдениет пен танымның негізі саналады. Мәдениет тіл арқылы жүйеленіп, қалыптасып, дамиды. Тілдің қоғамдағы рөлі қарым-қатынас жасау сипатымен ғана шектелмейді, адам ойының, санасының жетілуі мен дамуына да ықпал етеді» – дейді [2, 309 б.].

*Шет тілін оқытудың негізгі міндеті.* Қазіргі кезде елімізде шет тілін меңгертудің негізгі мақсаты- тілді нақты қарым -қатынас құралы ретінде үйрету және білім алушыларды сол тілде еркін қатынасуға бейімдеу. Шет тілі сабағын сол елдің мәдениетінің тәжірибелік көрінісінің негізі, мәдениеттердің шоғырласу орны деп қарастыруға болады. Шет тілдің әр сөзі сол ел туралы, мәдениеті туралы айқын ой береді.

Осы мәселе жөнінде профессор С.Ә. Әбдіғали: «Қазіргі таңдағы Қазақстанда шетел тілін оқытудың негізгі міндеті – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас ретінде үйрену. Әрбір шетел тілінің сабағы мәдениеттер тоғысуы, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі, себебі әрбір шетел сөзі шетел өмірін және мәдениетін көрсетеді, әрбір сөз ол ұлттың өмірі жөніндегі түсінігін білдіреді» – деп түйіндейді [3].

Шет тілдерді оқып-үйрену білім алушының оқу үрдісінде өзге елдің жан дүниесін түсіне алуына көмектесуі керек. Сабақ барысында студенттер оқытушымен бірге шет тілінде сөйлесіп, әртүрлі жаттығулар жасау арқылы өзге тілде ойлауға үйренеді. Мәдениетаралық қатынас арқылы олардың мәдени, ұлттық ерекшеліктері өзгеріске ұшырайды. Мәдениеттер арасындағы қатынас арқылы ұлттардың қатынасы түзіледі және әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдері арасындағы өзара түсінушілік пайда болады.

«Мәдениетаралық қатысым құзыреттілік» ұғымына сипаттама берсек, ол әртүрлі ұлттар мен мәдениет өкілдерінің меңгерген тілдік білімдерінің, өмірлік немесе ғылыми тәжірибелерінің арқасында еркін қарым-қатынас жасай алу іскерлігі мен тұлғаның өзара түсінісе алушылық қасиетін қамтиды деп көрсеткен И.И. Халееваның пікіріне сүйенер болсақ, «Мәдени жүйелілік жүйе шектеуінен асқан жағдайда танылатын адами өзара іс-әрекеттердің

барлығы мәдениетаралық болып табылады» дейді [4]. Ал отандық ғалымдардың бірі С.С. Құнанбаева шетел тілін меңгеруде тұлғаның бойында мәдениетаралық қатысым деңгейін қалыптастыруда мәдениетаралық қатысымдық, яғни субқұзыреттіліктің құраушы компоненттерін былай бөліп көрсетеді: қатысымдық; әлеуметтік; жеке тұлғаға бағдарланған; стратегиялық; лингвомәдени; концептуалдық; когнитивтік [5].

Мәдениетаралық коммуникация – әр түрлі ұлт өкілдерінің әрқайсысының жеке тұлға ретіндегі тілдік және мәдени айырмашылықтарының толық және жан-жақты көрініс табатын аясы. Мұндай әр түрлі ұлт өкілдері қатысқан мәдениеттер тоғысында әр адам жеке тұлға, сол қоғамның белсенді мүшесі немесе белгілі бір ұлттық мәдениет өкілі әрі осы әрекеттің бір субъектісі ретінде байланысқа шығады.

Жеке тұлғаның бойында осы аталған аспектілердің барлығының жинақталатынына қарамастан мәдениетаралық коммуникация деңгейіндегі әрекеттің де өз ерекшеліктері болады. Ол мәдениетаралық деңгейдегі сұхбаттасушыдан тек қана сол сәттегі қатысым құралына айналып отырған тілді білуді ғана емес, сонымен бірге сол елдің мәдени деректерінен де хабардар болуды талап етеді. Ондай деректер сол халықтың адамгершілік туралы, дін туралы көзқарастары мен ділінен, мәдени құндылықтарынан мәлімет береді. Екі жақты немесе көп жақты мәдениеттер сұхбаттастығын үйлестіру – тек қана бір-бірінің мәдениетіне түсіністікпен және құрметпен қарағанда ғана мүмкін болатыны дәлелденген құбылыс.

Міне, осы мақала талдау нысанына айналып отырған сұрақ әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдерінің өзара ымыраластық пен ынтымақтастық жағдайындағы түсінушілігіне шет тілі мен сол елдің мәдениетін жетік білу қаншалықты маңызды деген мәселелерді терең талдап көрсетіп береді.

Адамдар арасындағы қатынас негізінен сөйлесу, тілдесу арқылы жүретін болғандықтан мәдениетаралық коммуникация жеке адам үшін де, барлық қоғам мүшелері үшін де өте қажет мәселе екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін фактор. Әсіресе, тілдерді өзге тіл ретінде оқытып меңгеруде студенттердің өзге ел мәдени құндылықтарына түсіністікпен, құрметпен қарай білуін, мәдениетаралық коммуникацияға икемділігін қалыптастыру оқыту үрдісінде аса маңызды.

Мәдениет дәстүрлі түрде белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық топпен байланысты әлеуметтік, көркемдік және интеллектуалдық дәстүрлер жиынтығы ретінде анықталады [6,304-310 б.]. Алайда, қазіргі кезде мәдениет дәстүрліден өзгеше анықталуы мүмкін. Мәдениет туралы бірнеше анықтамалар бар. Кейбіреулер мәдениетті тіл, ым-ишара, әдет-ғұрып, тамақтану әдеттері, отбасылық өмір және білім сияқты мінез-құлық деп түсінеді, ал басқалары мәдениетті әдебиет, музыка, би, өнер, қолөнер және артефакт сияқты өнімдер ретінде қабылдайды. Кейде діндер, нанымдар, идеялар, құндылықтар мен институттарды мәдениет деп те атайды. Жоғарыдағы мәдениеттің анықтамасы өте кең. Мұны қарапайым етіп, тіл үйрететін қоғамда қарапайым адамдар түсінуі үшін, мәдениетті қарым-қатынастың контекстінде анықтауға болады [7].

Тіл туралы әңгіме болған жерде мәдениет міндетті түрде талқыланатын болады. Бұл тіл мен мәдениеттің бір-бірімен тығыз байланысты екендігінің дәлелі.

Ағылшын тілін шет тілі ретінде қарастыратын болсақ, сол елдің мәдениетін оқыту бірнеше тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Браун сабақ барысында мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды студенттермен талқылауды қамту керек деп болжайды, бұл ешқандай мәдениеттің басқа мәдениеттен артық болмайтынын, бірақ мәдениеттер арасындағы түсіністік белгілі бір іс-шаралар мен материалдарды қоса алғанда, тілді үйренудің маңызды қыры екенін атап өтті [8].

Студенттерге тіл мен мәдениеттің байланысын бейнелейтін мәдени коннотацияларды, әсіресе тілдің әлеуметтік лингвистикалық аспектілерін үйрететін және мәдени туындымен тілдің тығыз байланыста болатындығын көрсету үшін әдеби шығармалар балама материалдар ретінде қолданылады.

Әр түрлі мәдениеттер кейбір зат, құбылыстарды басқаларға қарағанда өзгеше қабылдайтындығын түсіну үшін мәдениеттер арасындағы өзара айырмашылықтарды сабақта талқылау маңызды. Бұл студенттер үшін ешкімнің мәдениеті басқалардан артық болмайтынын түсінетін және мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар өмірдің түрлі-түсті жақтары деген идеяны қабылдайтын кең ойшыл адамдар болып қалыптасуы үшін өте маңызды [9,2-9]. Студенттерді белгілі бір мәдениеттің мүшелері болу сезімін арттыру үшін мәдениетті талқылауды оқушылардың өз мәдениетінен бастау ұсынылады. Өз мәдениетін зерттей отырып, олар рухани құндылықтарды, мінез-құлықтарды, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, амандасу, құттықтау әдебін, мәдени белгілерді және жеке тұлғаның сипатын айқындайтын сөздік қорды игеретін болады. Студенттердің өз мәдениеті туралы жоғары ойлауы және оның әртүрлі ерекшеліктерін басқаларға түсіндіре алуы өте маңызды, өйткені бұл олардың төл мәдениетін бағалауға жол ашады және мәдениеттің не екенін түсінуге көмектеседі [10,8-16 б.].

Шетел тілін үйрену оның грамматикасын, сөздік қорын және фонологиясын меңгеріп қана қоймайды. Тіл үйрену мәдениетті қатар оқыту болып табылады. Тілдік элементтерді меңгерудің өзі оның тіл арқылы сөйлесе алатындығына кепілдік бермейді. Оқытушы тілдің грамматикалық және лексикалық компоненттерін оқытуға көп уақыт пен күш жұмсай отырып, мәдениетті оқу бағдарламасындағы әлсіз компонент ретінде қалдырып, осыған байланысты білім алушылар тілін меңгеріп жатқан шетел мәдениетімен бетпе-бет келгенде түсініспеушілікке тап болады. Сонымен, мәдениет мазмұны шетел тілін оқытудың көптеген аспектілері үшін өте маңызды.

Шетел тілін үйрену кезінде, әсіресе тыңдап түсіну үшін тыңдалым дағдысын жаттықтыру кезінде студенттер көбінесе оқуға және тыңдап түсінуге машықтануға көп уақыт жұмсағанымен, олардың үлгерімі қанағаттанарлықсыз деп шағымданады. Бұл сөздік қорының аздығынан, грамматиканың нашарлығынан болуы мүмкін. Бірақ салыстырмалы түрде маңызды себебі - олар өздері үйренген тілдегі қажетті мәдени білімінің

жетіспеуі. Егер тыңдалатын материалдар олар білмейтін мәдени біліммен тығыз байланысты болса, түсіну, әрине, қиын болады.

Оқылым - тілді оқыту компоненттерінің бірі және сыртқы ақпараттың әсерінен материалды декодтауды, тануды, талдауды, бағалау жүйесі мен когнитивті жүйе арқылы шығуын талап ететін күрделі процесс. Сонымен, білім алушы үшін гуманизм, тарих, география, жергілікті дәстүр, әдет-ғұрыптар туралы вербальды емес ақпараттарды алу өте маңызды. Тілдік білім оқылымға әсер етуі мүмкін, бірақ мәдени факторлар оқу процесінде одан бетер маңызды рөл атқарады. Оқудағы шынайы және елеулі кедергілердің көпшілігі тек тілді білумен ғана байланысты емес, сонымен қатар оқылатын шет тілі мен ана тіліміздің арасындағы мәдени ерекшеліктерден туындайды.

Мәдениет туралы оқыту мен оқудың мақсаты шет тілін үйрену қажеттілігінің себебін айқындайды. Тілдің мәдени аспектілері туралы мүмкіндіктерді ұсынумен қатар, ол тіл үйренушілерге тілдің абстрактілі дыбыстары мен формаларын нақты адамдар мен жерлермен байланыстыруға көмектеседі. Тілдік материалдарды таңдауда тілдік материалдардың мәдени мазмұны мен оқыту әдістерінің мәдени негіздері ескерілуі керек.

Біз адамдарды олардың тілдерін білгенде ғана түсінеміз, ал ол адамдардың мәдениетін білген жағдайда оларды өте жақсы түсіне аламыз. Мемлекеттік саясаттың кейбір маңызды мәселелері сіздің өзге ел мәдениеті мен тілін мүлде басқа қоғамда жеткілікті деңгейде түсінуіңізге байланысты болуы мүмкін [11, 38 б.].

Сонымен, тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын, мәдениеттің тілді меңгеруге әсерін анықтау мақсатында «Aspect for Kazakhstan 10<sup>th</sup> grade» оқулығының барлық бөлімдері мәдениет мәселесін қамту деңгейі бойынша талданды [12]. Ағылшын тілін үйрету барысында барлық бөлімдерде мәдениет компоненті көрініс алатыны байқалады. 9 бөлімде тек қана қазақ және британдық мәдениеттер ғана емес, сонымен қатар басқа да түрлі мәдениеттер сипаттамасы орын алатынын анықтадық. (кесте 1,2)

Aspect for Kazakhstan 10 сынып оқушысының оқылығында оқылатын тақырыптар, ақпарат көздері мен мәдениеттер көрінісі келесі кестеде көрсетілген.

1- кесте - Бөлімдер бойынша мәтіндердің мазмұнын сипаттайтын кесте

<b>Aspect for Kazakhstan. Grade 10. Student's book</b>		
<b>Reading passages</b>		
Unit 1: <i>Legend or Truth</i>	The wildest dream-about two mountaineers	English American
	Home is where the yurt is-story of appearing the yurt	Kazakh
Unit2: <i>Controversial Issues</i>	Gateway to America-about the immigration to the USA	American
	Women in the workplace-about the role of women in British culture and jobs of wen.	English Kazakh

Unit3: <i>Virtual Reality</i>	The Hobbit-about the best-selling novel which was completed by British author J.R.R.Tolkien	English
Unit4: <i>Out of this world</i>	Aiming for the Stars- about Aidyn Aimbetov who has already made history in Kazakhstan	Kazakh
Unit5: <i>Stress&amp;Fear</i>	Teen’s problems- about Ammy who suffers from agoraphobia	English
Unit 6. <i>Imagination&amp; Creativity</i>	Hand- imal Art –about the animals’ portraits and paintings of Guido Daniele	Italy
Unit7. <i>Reading for pleasure</i>	A biography of Daniel Defoe and his best-known novel Robinson Crusoe	English
Unit 8. <i>Different ways of living</i>	The Hadza the last of the first- about the last hunter-gatherer tribe on Earth	East Africa
Unit 9. <i>Amazing Places</i>	Simply unforgettable – people are telling about different places	Egyptain Jordan Chinese Kazakh

Осы оқулықтағы тыңдалым материалдарының мәдениет тұрғысындағы мазмұнын талдау нәтижесі төмендегі кестеде баяндалады.

2-кесте - Бөлімдер бойынша аудио мәтіндердің мазмұнын сипаттайтын кесте

<b>Aspect for Kazakhstan. Grade 10.</b>		
<b>Student’s book</b>		
<b>Listening passages</b>		
Unit 1: <i>Legend or Truth</i>	An interview with historian Dr. Akhmetov who wrote the book about Abylay Khan (p13)	Kazakh
Unit2: <i>Controversial Issues</i>	Monologue- People say about gender quality (p27)	English
Unit3: <i>Virtual Reality</i>	A conversation between a girl and a boy about <i>The Lost World Novel</i> (p41)	English
Unit4: <i>Out of this world</i>	An interview with someone who works at the Baikonur Cosmodrome (p55)	Kazakh
Unit5: <i>Stress &amp; Fear</i>	A radio interview with Abby about phobia (p69)	English
Unit 6. <i>Imagination&amp; Creativity</i>	Monologue-three performers are describing their jobs (living statue, trapeze artist, stand-up comedian) (p79)	English
Unit7. <i>Reading for pleasure</i>	A professor presenting a characters of Robinson Crusoe and giving a lecture about the setting and symbolism of the footprint in Robinson Crusoe (p93)	English
Unit 8. <i>Different ways of living</i>	An interview with a blogger Aziza about living off the grid. (p103)	Kazakh

Unit 9. <i>Amazing Places</i>	Dialogue- Two people are talking about holidays on the Greek Island (p112)	Greek
-------------------------------	--	-------

Оқулықтың негізгі ерекшеліктері:

- Шынайы тілдік материалдардың болуы;
- Ағылшын тілін басқа пәндерді оқу құралы ретінде пайдалану;
- Студенттерді шет тілінде рационалды оқыту техникасымен дамыту (оқу дағдылары);
- Ағылшын тілінде түрлі елдер мәдениеті (Ұлы Британия, Қазақстан, Америка, Египт, Греция, Италия, Африка, Қытай, Иордания) туралы материал енгізу.

Барлық бақылаулар мен эксперименттер мәдениеттің тілді оқытудың маңызды және таптырмас бөлігі екенін көрсетті. Сондықтан тіл оқытушылары мәдениетті тіл мен қатар оқытуға басар назар аударуы керек.

Осы зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, мәдениетті оқыту арқылы студенттер шет тілін оңтайлы және тиімді үйренуге деген сенімділікке ие болады. Сонымен қатар, мәдениетті қоса оқыту білім алушылардың ынтасын күшейту үшін өте тиімді, бұл әр оқу процесіне зор әсерін тигізеді. Мәдениет қамтылған сабақтардың жоғары мотивацияға қол жеткізуде үлкен маңызы бар, өйткені білім алушылардың көпшілігі шет тілінде ән айту, би билеу, рөлдік ойындар немесе басқа елдер мен халықтар туралы терең зерттеулер жүргізу сияқты мәдениетке негізделген іс-әрекеттерді көңіл қоя орындайды.

Олай болса, тілді өзінің қарым-қатынас тілі ретінде қолданатын халық мәдениетінен алшақ оқыту дұрыс емес деген ойға тоқталамыз. Кез-келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының бейнесі. Жоғарыда сипаттағанымыздай, біз өмір сүріп отырған дәуірде тек тілді үйренумен шектелу дұрыс емес. Зманауи тіл үйрету әдістемесінде үйреніп отырған тілді сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен байланыстыра, кіріктіре оқыту қажеттілігі туындап отыр. Халықаралық байланыста қарым-қатынасқа түсу үшін саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени тұрғыдағы таным-түсініктердің болуы маңызды болып саналады. Үйреніп отырған тілде сөйлеуші елдің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін тану – тіл үйретудегі маңызды компоненттің бірі. Халық тарихын да, ұлттық мәдениеттің дамуын да, тіпті халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы біле, түйсіне аламыз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қайдар Ә. Этнолингвистика //Білім және еңбек. – 1985. – №10. – 19 б.
- [2] Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- [3] Әбдіғали С.Ә. Әдістеменің кейбір өзекті мәселелері: әдістеме. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ, 2005.
- [4] Халеева И.И. Интеркультура – третье измерение межкультурного взаимодействия. Актуальные проблемы межкультурной коммуникаций. – М. МГЛУ, 1999.
- [5] Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2010

- [6] Sowden, C. Culture and the 'good teacher' in the English Language classroom. *ELT Journal* 61 (4): 2007. - 304-310.
- [7] Seeley, H. N. *Teaching Culture*. Lincolnwood, Ill.: National Textbook Company, 1993.
- [8] Brown, H.D. *Teaching by Principles: An Interactive Approach in Language Pedagogy*. 2nd ed. White Plain, NY: Addison Wesley Longman, Inc., 2001.
- [9] Straub, H. Designing a cross culture course. *English Teaching Forum* 37 (3), 1999. Pp. 2-9.
- [10] Krieger, D. Teaching ESL versus EFL: principles and Practices. *Forum* 43(2), 2005. Pp. 8-16.
- [11] Jourdan, C. *Language, Culture and Society*. Cambridge: Cambridge University Press, 2006.
- [12] Dooley, J., Obee B. *Aspect for Kazakhstan, grade 10*, Express Publishing, 2019.

## REFERENCES

- [1] Qaidar Á. *Etnolingvístika //Bilim және е́бек (Ethnolinguistics)*. – 1985. – №10. – 19 b. [in Kaz]
- [2] Salqynbai A. *Tarihí sózjasam (Historical word formation)*. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 1999. – 309 b. [in Kaz]
- [3] Ábdıǵalı S.Á. *Ádistemeniń kebir ózekti máseleleri: ádisteme (Some topical issues of the methodology: methodology)*. – Almaty: Abylai han atyndagý QHQ jáne ÁTY, 2005. [in Kaz]
- [4] Haleeva I.I. *Interkúltýra – trete izmerenie mejkúltýrnogo vzaimodeıstviia. Aktýalnye problemy mújkúltýrnogo kommúnikatsii (Interculture is the third dimension of intercultural interaction. Actual problems of multicultural communication)*. – M. MGLY, 1999. Qunanbaeva S.S. *Qazirgi shettildik bilim berýdiń teoriiasy men praktikasý*. – Almaty, 2010. [in Kaz]
- [5] Sowden, C. Culture and the 'good teacher' in the English Language classroom. *ELT Journal* (4): 2007. – S. 304-310.
- [6] Seeley, H. N. *Teaching Culture*. Lincolnwood, Ill.: National Textbook Company, 1993.
- [7] Brown, H.D. *Teaching by Principles: An Interactive Approach in Language Pedagogy*. 2nd ed. White Plain, NY: Addison Wesley Longman, Inc., 2001.
- [8] Straub, H. Designing a cross culture course. *English Teaching Forum* 37 (3), 1999. Pp. 2-9.
- [9] Krieger, D. Teaching ESL versus EFL: principles and Practices. *Forum* 43(2), 2005. Pp. 8-16.
- [10] Jourdan, C. *Language, Culture and Society*. Cambridge: Cambridge University Press, 2006.
- [11] Dooley, J., Obee B. *Aspect for Kazakhstan, grade 10*, Express Publishing, 2019.

## ЯЗЫК-СРЕДСТВО ВЫРАЖЕНИЯ КУЛЬТУРЫ

Ахметова Г.К.<sup>1</sup>, Байгожина Ж.М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>магистрант, Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Казахстан

e-mail: [gulya\\_290867@mail.ru](mailto:gulya_290867@mail.ru)

<sup>2</sup> кандидат педагогических наук, профессор, Торайгыров

университет, Павлодар, Казахстан

e-mail: [bzhm70@mail.ru](mailto:bzhm70@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматривается необходимость обучения иностранному языку в современной методике преподавания иностранного языка в соотношении с культурой народа, говорящего на этом языке. При овладении иностранным языком в процессе урока обучающиеся адаптируются к свободному общению на этом языке. Поэтому урок иностранного языка рассматривается как основа практического проявления культуры этой страны, место консолидации культур. В целях определения тесной связи языка и культуры, влияния культуры на овладение языком изложены результаты анализа уровня охвата



вопроса культуры разделами учебника «Aspect for Kazakhstan» для 10 класса. Для обучающегося очень важно изучать историю, традиции, культуру страны на изучаемом языке. Историю народа, его национальную культуру и формирование народного мышления мы можем определить только через язык.

**Ключевые слова:** язык, межкультурная коммуникация, национальная идентичность, культурный контекст, урок иностранного языка, средство общения.

## LANGUAGE IS A MEANS OF EXPRESSING CULTURE

Akhmetova G.K.<sup>1</sup>, Baigozhina Zh.M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>master student, Pavlodar pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

e-mail: [gulya\\_290867@mail.ru](mailto:gulya_290867@mail.ru)

<sup>2</sup>с. п. с., professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

e-mail: [bzhm70@mail.ru](mailto:bzhm70@mail.ru)

**Abstract.** The article emphasizes the need for teaching a foreign language in the modern methodology of teaching a foreign language in relation to the culture of the people who speak this language. While learning a foreign language in the classroom students adapt to free communication in this language. Therefore, a foreign language lesson is considered as the basis for the practical manifestation of the culture of this country, a place of consolidation of cultures. The results of the analysis through the cultural context of the units of the textbook "Aspect for Kazakhstan" for grade 10 are presented in order to determine the close relationship between language and culture, the influence of culture on language acquisition. It is very important for the student to study the history, traditions, and culture of the country in the language being studied. The history of the people, their national culture and the formation of their worldview can only be determined through language.

**Keywords:** language, intercultural communication, national identity, cultural context, foreign language lessons, means of communication.

*Статья поступила 05.02.2021*